

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Мейірімділік - асыл қазына

ЖАРИЯЛАНДЫ
10.05.2018СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/37875/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Джалмаханова Куралай Абдулшаматовна**Тақырыбы: «Мейірімділік - асыл қазына»****Сабақтың мақсаты:** балалардың «мейірімділік», «қайырымдылық» құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту.**Міндеттері:**

мейірімділіктің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру;

өзара сыйластық қарым-қатынастарын дамыту;

мейірбандыққа тәриелеу.

Көрнекі құралдар: бейнефильм, слайдтар, оқулық, суреттер.**Шаттық шеңбері:**

Балалар барлығымыз шаттық шеңберіне тұрайық. Балалар ортаға шеңбер құрып тұрып, «Мен апамның ай мен күні» өлеңін айтайық.

Апам мені: «Айым» — дейді,

Мен мұңайсам, уайым жейді.

Апам мені: «Күнім» — дейді,

Мен қуансам күлімдейді.

Жаңа сабақтың тақырыбымен таныстыру:

Біз бүгінгі сабақта адамның жақсы қасиеттерінің бірі мейірімділік туралы әңгімелесеміз.

Балалар мейірімділік әр адамның жүрегінде өмір сүреді. Мейірімділікті адамның

көзінен көруге, іс-қимылынан табуға болады. Мейірімді адамды барлығы жақсы көреді.

Әңгімелесу: Мейірімділікті қалай көрсетуге болады?

Өздеріңе мейірімділік көрсеткен кезде қандай сезімге бөлендіңдер?

Балалардың жауаптарын түйіндеу:

Адамдар бір-біріне жылы сезімдерін білдіріп, айналасындағыларға тек жақсылық ойлап, игілікті істер жасау арқылы ғана мейірімділікті таныта алады.

Тыныштық сәті:

Балалар денелеріңді түзу, бастарыңды жоғары көтеріп, ыңғайланып отырыңдар. Ауаны терең жұтып, еркін тыныстаңдар. Денелеріңді бос ұстап, айналадағы барлық тіршілік иесі сендерді аялап, қоршап, қамқор болып жатқанын сезініңдер. Тұла бойларың жақсылыққа, махаббатқа толғанын сезініңдер. (Видеокөрсетілім)

Мәтінмен жұмыс: Мәтінді әңгімелеу.

«Сары тауық пен балапандары»М.Төрежанов

Күздің бір күні сары тауық балапандарын ертіп, ауылдан ұзап кеткен. Аяқ астынан жаңбыр құйып кетті. Суық жаңбырдың астында қалған сары тауық балапандарын қанша асықса да мекеніне жеткізе алатын емес.

Өйткені балапандарының жылы жүні әлі шықпаған балғын жас еді.Сары тауық қатты састы. Шөжелерінқосқанатыныңастынаалып, бауырынабасты. Бірбалапанысыймайсырттақалды. Анаайлажасап, балапандарынкезектестіріпбір-бірден тыста ұстап, тоңабастағанда бауырынаалып отырды. Кезекеңкенжесінекелгендеана оны сыртқашығармады.

— Оны неге шығармайсыз?- депсұрадыбірақбалапан.

— Олтымжас.

— Жасболсақайтеді? Кезегікелгендеол да шықсын.

— Сырқаттаныпқалады.Кішімізгеөзгемізқамқоршыболуымызкерекемесе? Кәне, мұныңорнынакімбарады?- депсұрадыанасы.

— Мен,-дедітұңғышы.

— Мен барайын?-дедіоғантетелесі.

— Кезектімағанберіңіз!-дедіоданкішісі.

— Мен қалам ба сонда?-дедіалғашқықарсылықбілдіргенбалапан.

— Қатесінтүсінгенсеніңбарғаныңжөн!- дедісарытауықбалапандатысқақарайысырып.

— Сары тауық су өтіпқаттыжаурады. Бірақбалапандарынтоңдырғанжоқ. Балағадегеныстықмахаббатыменжылытып, сақтапқалды.

Күнашылып, анажүрегіндейжадырады.

Оқушылардыңмейірімділіктуралыпікірлеріәңгімемазмұныбойыншаберілгенсұрақтарғажауаптарытыңдалады.

Сары тауықөзбалапандарыңандай жақсы қасиеттерге баулыды?

Сары тауықөз аналық мейірімін қалай көрсете білді?

«Күнашылып, ана жүрегіндей жадырады» дегенді қалай түсінесіңдер?

Ал сендер мейірімділікті, қайырымдылықты кімдерден үйреніп жүрсіңдер?

Дәйексөз:

Тақтаға «Мейірімділікті анадан үйрен» деген халық даналығын жазып қою. Ана халық ұғымында жаратушы. Олай дейтініміз табиғатты да адамды да дүниеге әкелуші ана дейді. Ал барлық нәрсенің дүниеге келуі үлкен мейірім мен шапағаттан пайда болады. Табиғаттың барлық жанға бірдей мейірімді болуы сондықтан. Адамның да ананың кіршіксіз мейірінен берілген мейірімділігін сақтап қалу өз қолыңда.

Ойын-тапсырма:

Мейірімділік сөздерімен гүл құрастырайық.

Балалар сендер мейірімді болуды _____ ү _____ йде аналарыңнан, мектепте ұстаздарыңнан үйреніп жүрсіңдер.

Ендеше сол өзіміздің аналарымыз туралы айтайық.

Ол қандай адам? (Баяу музыка ойнап тұрады)

Кішіпейіл, мейірімді, сыпайы, әдепті, жанашыр, қамқоршы, кешірімді, бауырмал.

Жаңа ақпарат:

Видеокөрсетілім: (Мейірімділік туралы)

Жүректен жүрекке:

Елжіреп жататын етегіңде,

Есімде балапан күндерім.

Солайтқан ертегі жетегіңде

Кереметтүскөргентүндерім.

КМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.